



# «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» АҚ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

*2017 жылдың 9 айы үшін*



Төменде көрсетілген құжаттың міндеттері – Топтың операциялық және қаржылық қызметінің нәтижелеріндегі айтарлықтай өзгерістерді және тенденцияларды түсінуге және бағалауға көмек болып табылады. Осы шолу Топтың қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есебімен бірге қарастыруға негізделген және оны қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есеппен және ілеспе ескертулермен бірге қарастыру керек. Барлық қаржылық деректер және оларды талқылаулар Халықаралық Қаржылық Есеп Стандарттарына («МСФО») сәйкес дайындалған қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есепке негізделеді.

Бұл есепте «ҚМГ», «Компания», «Топ» терминдері «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамын және оның пропорционал түрде шоғырландырылған еншілес қоғамдарын білдіреді. «Бірлескен кәсіпорын» термині қатысу үлесінің әдісі бойынша көрсетілген қоғамдарды білдіреді. Топтың есепке алу саясатына сәйкес, бірлескен кәсіпорындарға және қауымдастырылған компанияларға инвестициялар қатысу үлесінің әдісі бойынша ескеріледі және демек жол бойынша (қатысу үлесінің әдісі бойынша ескерілетін кәсіпорын) шоғырландырылмайды.

Мұнай мен газдың ұсынылған қорларына бірлескен кәсіпорындардың және қауымдастырылған компаниялардың қорларының пропорционал үлестері және егер өзгедей көрсетілмесе, еншілес ұйымдардың қорларының 100% үлесі кіреді.

Өндірілген мұнай тонналары Топтың әрбір кен орнындағы мұнайдың тығыздығын ескеретін коэффициенттер қолданыла отырып, баррелдерге қайта есептеледі.

Есепте болжамдық сипаттағы белгілі бір мәлімдемелер болуы мүмкін. «Сүйенеді», «күтеді», «күтіліп отыр», «жобалайды», «ниет қылады», «бағалайды», «тиіс», «болады», «жалғастырылатын болады», «бола алады», «болуы мүмкін», «жоспарлайды» немесе осыған ұқсас сөздер немесе олардан туындайтын мәндер тарихи фактілер және болашақ нәтижелердің кепілдіктері болып табылмайды.

**МАЗМҰНЫ**

<b>1.</b>	<b>ЖАЛПЫ АҚПАРАТ .....</b>	<b>4</b>
<b>2.</b>	<b>НЕГІЗГІ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАР .....</b>	<b>5</b>
2.1.	Мұнайдың және мұнай өнімдерінің нарықтық бағаларының өзгеруі ..... Ошибка! Закладка не определена.	
2.2.	Шетелдік валютаның айырбас құнының өзгеруі .....	6
2.3.	Мұнай және газ тасымалына арналған тарифтер .....	7
2.4.	Өңдеуге арналған тарифтер .....	7
2.5.	Салық салу .....	7
<b>3.</b>	<b>ТОПТЫҢ ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕРІ .....</b>	<b>9</b>
3.1.	Мұнай және конденсат өндіру .....	9
3.2.	Газ өндіру.....	10
3.3.	Магистральдық құбыр жолдарымен мұнай тасымалдау .....	10
3.4.	Теңіз флотымен мұнай тасымалдау.....	11
3.5.	Газ тасымалдау.....	11
3.6.	Мұнай өңдеу.....	12
3.7.	Мұнай және газ сату .....	13
<b>4.</b>	<b>ТОПТЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ .....</b>	<b>13</b>
4.1.	Кірістер..... Ошибка! Закладка не определена.	
4.2.	Шығыстар.....	15
4.3.	Бірлесіп бақыланатын ұйымдардың және қауымдастырылған компаниялардың пайдадағы үлесі..... Ошибка! Закладка не определена.	
4.4.	Табыс салығы бойынша шығыстар .....	16
4.5.	Тоқтатылған қызметтен түсетін кіріс/(шығын) .....	17
4.6.	Күрделі шығындар .....	17

## 1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

### Есептік кезеңдегі елеулі оқиғалар

2017 жылдың 1-ші жартыжылдығы ішінде Топ қызметінің нәтижелеріне ықпал еткен айтарлықтай оқиғалардың сипаттамасы:

2017 жылғы 19 қаңтарда «КазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Компания) ұстаушысы «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ болып табылатын шығарылған облигациялар бойынша ішінара өтеуді жүзеге асырды. Өтелетін сома сомасы 5 006 615 мың теңге болатын сыйлықақыны қоса алғанда, 22 568 510 мың теңгені құрады.

2017 жылғы 19 қаңтарда «ҚМГ БӨ» АҚ 2009-2012 жылдар үшін кешенді салықтық тексерумен байланысты апелляция нәтижелері бойынша хабарлама және жалпы салықтық борыш пен өсімақыны 11 483 миллион теңгеге дейін кеміту жөніндегі Мемлекеттік кіріс комитетінің тиісті шешімін алды. 2017 жылғы 31 қаңтарда «ҚМГ БӨ» АҚ Астана қаласының Арнайы ауданаралық әкімшілік сотының 2009-2012 жылдар үшін кешенді салықтық тексерумен байланысты әкімшілік айыппұлды 2 002 миллион теңгеге дейін қысқарту жөніндегі шешімін алды. Осы шоғырландырылған қаржылық есепке енгізілген салықтарды төлеуге арналған резервтер осы шешімді ескере отырып, 18 754 миллион теңгеге кемітілді.

2017 жылғы қаңтарда «АМӨЗ» ЖШС («КазМұнайГаз» ҰК» АҚ-тың еншілес ұйымы) сомасы тиісінше 21 093 млн. теңге және 9 756 млн. теңге болатын негізгі борышты және «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-тан алынған заемдар бойынша сыйлықақыны төледі.

2017 жылғы 17 ақпанда Компания белгіленген тәртіппен 1 296 788 жай акцияларды орналастырды. Компания төлемге жалпы сомасы 12 968 млн. теңге болатын газ құбырларын және оған ілесе жүретін құрылыстарды және 1,3 мың теңге (21.02.2017ж. есепке жатқызылды) ақшалай қаражатты алды.

2017 жылғы 19 сәуірде Компания көлемі 10,5 миллиард АҚШ доллары болатын Компаниямен және жалпы көлемі Kazmunaigaz Finance Sub B.V. (еншілес компания) компаниясымен шығарылған орта мерзімдік жаһандық 2,7 миллиард АҚШ доллары (эквиваленті 854 315 млн. теңге) болатын ноталарды шығарудың ағымдағы бағдарламасы шеңберінде еурооблигациялар шығарылымын орналастыру процесін аяқтады.

2017 жылғы 18 және 27 сәуірде Компания жалпы сомасы 18,4 млрд. теңге болатын «Самұрық-Қазына» АҚ-тың процентсіз қосымша заемын берді.

2017 жылғы 5 мамырда салық органдарымен 2016 жылдың қорытындыларымен КПН бойынша бұрын мәлімделген аванстық төлемдерді қайтарумен байланысты және 2009-2012 жылдар үшін кешенді салықтық тексеру нәтижелеріне шағым жасау нәтижесінде жалпы сомасы 27 млрд. теңге болатын «ҚМГ БӨ» АҚ-тың алдын ала төленген салықтар сомасын қайтару жүзеге асырылды.

2017 жылғы 30 маусымда Шымкент мұнай өңдеу зауытында («ПетроКазахстан Ойл Продактс» ЖШС) шикізатты алдын ала гидротазалау блогы бар жеңіл бензин фракцияларын изомеризациялау қондырғысы пайдалануға енгізілді және экологиялық К4 және К5 сыныпты автобензиндердің бірінші сертификатталған партиясы алынды. Сонымен, «Шымкент мұнай өңдеу зауытын жаңғырту және қайта құру» жобасының 1-ші сатысы аяқталды.

2017 жылғы 03 шілдеде Қызылорда облысында «Қараөзек» жоғары технологиялық газ компрессорлық станция пайдалануға енгізілді.

2017 жылғы 03 тамызда Moody's рейтингтік агенттігі ҚМГ-ның ВааЗ «теріс» рейтингісін «тұрақты» рейтингісіне ауыстырды.

2017 жылғы 04 тамызда Солтүстік Каспий бойынша өнімді бөлу туралы келісімде (ДҚП 2008) 8,48% қатысу үлесін сатып алу мақсатында жасасылған 2008 жылғы 31 қазандағы Сату-сатып алу шарты бойынша міндеттемелердің екінші траншын өтеу үшін ақшалай қаражаттарды тарту мақсатында ҚМГ Қашаған Б.В. компаниясы мен Vitol S.A. компаниясы арасында 2016 жылғы 29 қарашада жасасылған мұнай жеткізілімін аванстау жөніндегі мәміле сомасын өсіру туралы қосымша келісімге қол қойылды.

2017 жылғы 10-тамызда КМГ Қашаған Б.В. компаниясы 600 миллион АҚШ доллары мөлшерінде қосымша сома алды және ДКП 2008 бойынша (негізгі борыш және есептеліп жазылған сыйлықақы) жалпы сомасы 804,4 миллион АҚШ доллары болатын міндеттемелердің екінші траншын мезімінен бұрын өтеді.

2017 жылғы 31-тамызда 41 330 045 547 теңге мөлшерінде "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ» АҚ акционерлерінің пайдасына және 4 547 320 203 теңге мөлшерінде ҚР Ұлттық Банкі РММ акционерлерінің пайдасына 2016 жыл үшін «КазМұнайГаз» ҰК» АҚ-тың дивидендтерін төлеу жүргізілді.

2017 жылғы 11-қыркүйекте «Fitch Ratings» халықаралық рейтингі шетелдік және ұлттық валютада «КазТрансГаз» (ҚТГ) АҚ-тың және оның 100% еншілес компаниялары - «Интергаз Орталық Азия» (ИЦА) АҚ-тың және «КазТрансГаз Аймақ» АҚ-тың эмитентінің дефолтының ұзақ мерзімді рейтингін (РДЭ) «BB+» бастап «BBB-» дейін өсірді, рейтингтер бойынша болжам – «тұрақты». Қысқа мерзімді РДЭ "B" деңгейінен "F3" деңгейіне дейін өсірілді.

2017 жылғы 26-қыркүйекте «КазТрансГаз» АҚ 10 жылдық айналым мерзімімен, \$750 млн. жалпы номинальдық көлемімен, 4,4% кірістілік мөлшерлемесімен еурооблигацияларды табысты түрде орналастырды. Пайдалану мақсаты – борышты қайта қаржыландыру.

## 2. НЕГІЗГІ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАР

Компания қызметінің көрсеткіштеріне ықпал жасайтын басты факторлар- келесілер болып табылады:

- шикі мұнайға және мұнайды өңдеу өнімдеріне бағаның өзгеруі және Компанияның мұнайды алдын ала сатуы;
- валюталық бағам өзгерістерінің ықпалы;
- мұнай және газ тасымалдау қызметтеріне арналған тарифтердің өзгеруі;
- салық салу;

Төменде 2017 жылдың 9 айы үшін Топтың қызметіне ықпал жасаған макроэкономикалық көрсеткіштер келтірілген.

Атауы	Өлшем бірлігі	2017 жылдың 9 айы	2016 жылдың 9 айы	Өзгеріс	
				абс	%
Кезең аяғындағы инфляция (ИПЦ, өткен жылдың тиісті айымен салыстырғанда, %)	%	107,1	116,6	-9,5	-8,1%
Мұнайға арналған экспорттық кедендік баж салығы	\$/тонна	48	37	10,2	27,2%
Есептік айлық көрсеткіш (МРП)	теңге	2 269	2 121	148	7,0%
Еңбекақының ең кіші мөлшері (МЗП)	теңге	24 459	22 859	1600	7,0%

### 2.1. Мұнай және мұнай өнімдеріне арналған нарықтық бағалардың өзгеруі

Халықаралық және қазақстандық нарықта шикі мұнайға және мұнай өнімдеріне арналған бағалар Компания қызметінің көрсеткіштеріне айтарлықтай ықпал жасайды.

Мұнайға арналған әлемдік бағалардың өзгерісі (АҚШ доллары/барр.)	2017 ж. 9 айы	2016 ж. 9 айы	Δ, %
Brent мұнайы	51,8	41,9	24%
Urals мұнайы	50,7	40,2	26%

Көзі: PLATT'S

Тұтас алғанда, шикізатқа бағалардың өзгеруі Компанияға тәуелді емес бірқатар себептерге байланысты және Компания басшылығының мұнай бағасының құбылмалылық дәрежесін алдын-ала білуге мүмкіндігі жоқ. Халықаралық және қазақстандық нарықта мұнай өнімдеріне арналған бағалар динамикасы бірқатра факторлармен анықталады, олардың ішіндегі ең маңыздысы шикі мұнайға арналған баға, мұнай өнімдеріне арналған сұраныс пен ұсыныстың ара қатынасы, бәсекелестік, өткізу рыноктарының мұнай өнімдерін түпкілікті немесе аралық өңдейтін мұнай өңдеуші кәсіпорындардан қашықтығы, мұнай өнімдерін жеткізудегі маусымдық тапшылық, атап айтқанда маусымдық ауыл шаруашылық жұмыстарына және қалаға бөлінген жеткізілімді ауыл шаруашылық аудандарына қайта бөлуге байланысты қалалар аудандарындағы тапшылық.

Мұнай өнімдеріне арналған әлемдік орташа баға	Өлшем бірлігі	2017 жылдың 9 айы	2016 жылдың 9 айы	Δ, %
Мазут	АҚШ долл./тонна	301	199	51%
Нафта	АҚШ долл./тонна	458	366	25%

Авиаотын (Jet fuel)	АҚШ долл./тонна	504	404	25%
Вакуумдық газойль	АҚШ долл./тонна	419	298	41%
Пештік отын (Gasoil 0,1)	АҚШ долл ./тонна	465	374	24%

Источник: PLATT'S

ҚР-да мұнай өнімдерінің орташа бөлшек сауда бағалары	Өлшем бірлігі	2017 жылдың 9 айы	2016 жылдың 9 айы	Δ, %
АИ-95/96 маркалы бензин	(теңге/литр)	158	138	14%
АИ-92/93 маркалы бензин	(теңге/литр)	142	123	15%
АИ-80 маркалы бензин	(теңге/литр)	89	89	0%
Жаздық дизельдік отын	(теңге/литр)	136	97	40%
Авиаотын	тнғ/тн	188 750	129 000	46%

## 2.2. Шетелдік валютаның айырбас бағамының өзгеруі

Теңге бағамының АҚШ долларымен салыстырғандағы өзгерісі Компания қызметінің шоғырландырылған нәтижелеріне айтарлықтай ықпал жасайды және ықпал жасай беретін болады, себебі Компанияның шикі мұнайды және мұнай өнімдерін сатудан түсетін кірістерінің айтарлықтай үлесі АҚШ долларымен білдіріледі, ал Компания шығыстарының айтарлықтай бөлігі теңгемен білдіріледі. Сондай-ақ, Компания қарыздарының және кредиторлық борыштарының үлкен бөлігі АҚШ долларымен деноминацияланған.

	Кезең үшін орташа бағам	Кезең аяғында
9 ай үшін, 2017 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша (1,00 доллар үшін қазақстан теңгесі)	323,30	341,19
9 ай үшін, 2016 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша (1,00 доллар үшін қазақстан теңгесі)	343,99	335,46

Ақпарат көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

## 2.3. Мұнай және газ тасымалдауға арналған тарифтер

### Магистральдық құбыр жолдары бойынша мұнай тасымалдау

Қазақстанның мұнай өндіретін өңірлерінің басым көпшілігі мұнай және мұнай өнімдерін өткізетін негізгі рыноктардан қашық орналасқандықтан, мұнай компаниялары көлік инфрақұрылымының даму дәрежесіне, сондай-ақ оған қол жетімділік дәрежесіне тәуелді.

Топ экспортқа және ішкі рынокқа сатылатын шикі мұнайдың айтарлықтай бөлігін Қазақстанда «ҚазТрансОйл» АҚ-тың еншілес компаниясына тиесілі магистральдық құбыр жолдарының жүйесі бойынша тасымалдайды. Сондай-ақ, Топ Каспий Құбыржолы Консорциумының мұнай құбыр жолында 20,75% мөлшерінде акционерлік капиталға ие, соның ішінде Қазақстан Республикасы - 19% және КОО Қазақстан Пайплайн Венчурс - 1,75% акционерлік капиталға ие. магистральдық құбыр жолдарының жүйесі бойынша шикі мұнайды тасымалдау «ҚазТрансОйл» АҚ-пен және оның ДСКО-мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы №266 бұйрығымен бекітілген шарттың үлгі нысанына (НГДО және т.б.) сәйкес тұтынушылармен олар жасасқан мұнай тасымалдау бойынша қызметтер көрсетуге арналған шарттарға сәйкес жүргізіледі. Аталған шарттармен мұнай тасымалдау кезіндегі тапсырылатын/қабылданатын мұнайдың сапалық сипаттамасын қоса алғанда, Тараптардың құқықтары мен міндеттері бекітілген. «ҚазТрансОйл» АҚ-тың және оның ДСКО-сының магистральдық құбыр жолдарының жүйесі бойынша Топтың мұнайын ішкі рынокқа және экспортқа тасымалдау басқа өндірушілердің мұнайымен қосу арқылы жүргізіледі. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына 2015 жылғы мамырда түзетулер қабылдауға байланысты табиғи монополиялар саласынан Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу мақсатында мұнай тасымалдау және Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге экспорттау бойынша қызметтер алып тасталған. 2015 жылғы маусымда «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық құбыр жолдары бойынша мұнай айдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге келесі тарифтерді (№64 бұйрық) бекітті:

- Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге экспорттау мақсатында – 1000 км-ге 1 тонна үшін 5 817,2 теңге мөлшерінде (ҚҚС-сыз) 2015 жылғы 1-ші шілдеден бастап іске қосу арқылы;
- Тұймазы-Омск-Новосибирск-2 магистральдық құбыр жолының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы өтетін қазақстандық учаскесі бойынша транзиттеу мақсатында - 1000 км-ге 1 тонна үшін 1 727,1 теңге мөлшерінде (ҚҚС-сыз) 2015 жылғы 26-шы маусымнан бастап іске қосу арқылы.

Еліміздің ішінде мұнай тасымалдау тарифтері Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитетпен бекітілді (2015 жылғы 21 тамыздағы №347-ОД бұйрық).

«ҚазТрансОйл» АҚ-тың магистральдық құбыр жолдарының жүйесі бойынша 2015-2019 жылдарға Қазақстан Республикасының ішкі рыногына мұнай айдау бойынша реттелетін қызметтерге арналған тарифтік смета мен тарифтердің шекті деңгейлері 2015 жылғы 1-ші қазаннан бастап іске қосу арқылы келесі мөлшерде бекітілген:

- 2015 жылы – 1000 км-ге 1 тонна үшін 3 225,04 теңге (ҚҚС-сыз);
- 2016 жылы – 1000 км-ге 1 тонна үшін 3 547,46 теңге (ҚҚС-сыз);
- 2017 жылы – 1000 км-ге 1 тонна үшін 3 902,13 теңге (ҚҚС-сыз);
- 2018 жылы – 1000 км-ге 1 тонна үшін 4 292,40 теңге (ҚҚС-сыз);
- 2019 жылы – 1000 км-ге 1 тонна үшін 4 721,72 теңге (ҚҚС-сыз).

#### Газ тасымалдау

Магистральдық газ құбырлары бойынша және газ тарату жүйелері бойынша газ тасымалдау «ҚазТрансОйл» АҚ-тың компаниялар тобымен жүзеге асырылады. Магистральдық газ тасымалдау «Интергаз Орталық Азия» АҚ-пен, сондай-ақ бірлескен кәсіпорындар «Азиялық газ құбыры» ЖШС-пен, «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС-пен жүзеге асырылады. газ тарату жүйелерінің газ құбырлары бойынша газ тасымалдау «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-пен жүзеге асырылады.

#### Халықаралық газ транзиті және экспорты бойынша газ тасымалдауға арналған тарифтер

*Табиғи монополиялар туралы Заңға 2015 жылғы мамырда енгізілген өзгерістерге сәйкес экспортқа газ тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтер мемлекеттік реттеуден шығарылған. Газ транзитіне және экспортына арналған тарифтер Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитетпен бекітілмей, шарттық негізде белгіленеді.*

Ішкі рынокта магистральдық газ құбырлары бойынша және газ тарату жүйелері бойынша газ тасымалдауға арналған тарифтер Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитетпен заңнамамен белгіленген тәртіпте бекітіледі.

Қазақстан Республикасының тұтынушылары үшін магистральдық газ құбыржолдары бойынша тауарлық газды тасымалдауға арналған тарифтер келесі мөлшерде бекітілген:

- «Интергаз Орталық Азия» АҚ» 2017 жылғы 1-ші қаңтардан бастап – 2 212,7 теңге мың м<sup>3</sup> үшін (ҚҚС-сыз);
- «Азиялық газ құбыры» ЖШС 2016 жылғы 1 наурыздан бастап – 3 494,4 теңге мың м<sup>3</sup> үшін (ҚҚС-сыз);
- «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС 2016 жылғы 1 наурыздан бастап – 18 071 теңге мың м<sup>3</sup> үшін (ҚҚС-сыз).

#### 2.4. Өңдеуге арналған тарифтер

Көмірсутекті шикізатты өңдеу бойынша қызметтерді АМӨЗ, ПМХЗ және ПКӨП көрсетеді. «Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 376-V Заңына сәйкес 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап өңдеуге арналған бағаларды мемлекеттік реттеу алып тасталады. 2016 жылдан бастап қолданылатын тарифтер мен 2017 жылдың 9 айы ішінде қолданылатын тарифтер төменде келтірілген:

Зауыттардың атауы	Өлшем бірлігі	2017 жылдың 9 айы	2016 жылдың 9 айы
АМӨЗ	теңге/тонна	1 сәуірден бастап - 24 512	20 501
ПМХЗ	теңге/тонна	1 тамыздан бастап - 16 417	14 895
ПКӨП	теңге/тонна	11 454	11 454

#### 2.5. Салық салу

Төменде келтірілген таблицанда тиісті кезеңдерде Топпен қолданылатын салықтардың белгіленген мөлшерлемелері ұсынылды:

Салық	2017 жылдың 9 айы	2016 жылдың 9 айы	Өзг.,%	Салық салынатын база
Корпоративтік табыс салығы (КТС)	20%	20%	-	Салық салынатын кіріс
Қосымша құн салығы (ҚҚС)	12%	12%	-	Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сату

Салық	2017 жылдың 9 айы	2016 жылдың 9 айы	Өзг.,%	Салық салынатын база
Мүлік салығы	1,50%	1,50%	-	Бухгалтерлік есеп деректері бойынша анықталатын салық салу объектілерінің орташа жылдық теңгерімдік құны
Жер салығы	айнымалы шама, жер учаскесінің мақсатына және сапасына байланысты мөлшерлеме	айнымалы шама, жер учаскесінің мақсатына және сапасына байланысты мөлшерлеме		жер учаскесінің ауданы
Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлем	айнымалы шама, эмиссия түріне байланысты мөлшерлеме	айнымалы шама, эмиссия түріне байланысты мөлшерлеме		Қоршаған ортаға эмиссияның белгіленген нормативтердің шектерінде және/немесе одан тыс эмиссияның нақты көлемі
Экспортқа арналған ренталық салық, орташа мән	0%-32% шкала бойынша, мұнайдың әлемдік бағасына байланыстырылған	0%-32%		шикі мұнай және шикі мұнай өнімдері экспортының көлемі
Пайдалы қазбаларды өндіруге арналған салық (НДПИ), орташа мән	0%-18%	0%-18%		Өндірілген шикі мұнай көлемінің, газ конденсатының және табиғи газдың құны,
Асқын пайдаға арналған салық (НСП)	0%-60%	0%-60%		Таза кіріс
Шикі мұнайға және газ конденсатына арналған акциз	0 теңге/тонна	0 теңге/тонна		өндірілген, сатылған шикі мұнайдың, газ конденсатының көлемі

**1 тоннаға акциздер мөлшерлемелері (теңгемен) және баж салықтары**

	2017 жылдың 9 айы		2016 жылдың 9 айы		Өзг.,%	Салық салынатын база
	Бензин (авиаотынды қоспағанда) (код ТН ВЭД ЕАЭС 2710 12 411 0 - 2710 12590 0)	Дизель отыны (код ТН ВЭД ЕАЭС 2710 19310 0 - 2710 19 480 0)	Бензин (авиаотынды қоспағанда) (код ТН ВЭД ЕАЭС 2710 12 411 0 - 2710 12590 0)	Дизель отыны (код ТН ВЭД ЕАЭС 2710 19310 0 - 2710 19 480 0)		
Мұнай өнімдеріне акциз						Өндірілген, сатылған мұнай өнімдерінің көлемі
Өз өндірісіндегі бензин және дизель отынын өндірушілердің көтерме сатуы (авиаотынды қоспағанда)	10 500	Сәуір-қазан - 9300, қараша-наурыз- 540	10 500	540		
Жеке және заңды тұлғалардың бензинді және дизель отынын көтерме сатуы (авиаотынды қоспағанда)	-	-	-	-		
Өндірушілердің бензинді және дизель отынын бөлшектеп сатуы (авиаотынды қоспағанда), оларды өзінің өндірістік қажеттілігіне жұмсауы	11 000	Сәуір-қазан - 9360, қараша-наурыз - 600	11 000	600		
Жеке және заңды тұлғалардың бензинді және дизель отынын бөлшектеп сатуы (авиаотынды қоспағанда), оларды өзінің өндірістік қажеттілігіне жұмсауы	500	60	500	60		
Импорт	4 500	540	4 500	540		
Өңделме шикізаттың қайта өңдеу өнімі болып табылатын, Салық кодексінің 279-бабының 5) тармақшасында көрсетілген акциздік тауарларды беру	10 500	Сәуір-қазан -9300, қараша-наурыз -540	10 500	540		
Шикі мұнайға арналған экспорттық баж салығы	Мұнайдың әлемдік бағасына тәуелді шкала бойынша		Мұнайдың әлемдік бағасына тәуелді шкала бойынша			Экспорттық көлем



Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықтар мөлшерлемесі, экспортқа салынатын ренталық салық және мұнай және мұнай өнімдеріне экспорттық баж салығы мұнайдың әлемдік бағасына тәуелді және тиісінше өзгеріп отырады. Қазақстан Республикасының ішкі рыногында шикі мұнайды және газ конденсатын сатқанда және/немесе бергенде, соның ішінде натурал түрде пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықты, экспортқа салынатын ренталық салықты, роялтиді төлеу есебінен және өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін мемлекет атынан алушыға сатқанда және/немесе бергенде немесе белгіленген мөлшерлемелер бойынша өздерінің меншікті қажеттіліктеріне пайдаланғанда, 0,5 төмендетуші коэффициенті қолданылады.

Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық мөлшерлемесі – табиғи газға 10 процентті құрайды. Табиғи газды ішкі рынокқа сату кезінде пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық жылдық өндіру көлеміне тәуелді мөлшерлеме бойынша төленеді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Экономика министрлігі 2016 жылғы ақпанда шикі мұнайға экспорттық кедендік баж салығының прогрессивті шкаласын енгізді. Жаңа режим бойынша экспорттық кедендік баж салығы шикі мұнайдың әлемдік рыногында қалыптасқан Brent және Urals маркалы мұнайға арналған шикі мұнайдың орташа нарықтық бағасы бойынша есептеледі. Сондай-ақ, 2016 жылғы 1 наурыздан бастап мазуттың экспорттық кедендік баж салығы тонна үшін 30 АҚШ долларға кеміді. Мұнайға арналған шкала бойынша – баррель үшін әлемдік баға 25 доллардан төмен болғанда, экспорттық кедендік баж салығы мөлшерлемесі шкалаға сәйкес анықталады.

Экспортқа арналған ренталық салық баррель үшін әлемдік баға 40 доллардан асқан жағдайда, мөлшерлеме шкаласы бойынша есептеледі.

### 3. ТОПТЫҢ ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

	2017 жылдың 9 айы	2016 жылдың 9 айы	Δ, (+/-)	Δ, %
Бірлескен кәсіпорындардағы үлесті ескере отырып, мұнай және конденсат өндіру (мың тонна)	17 445	16 743	702	4%
Бірлескен кәсіпорындардағы үлесті ескере отырып, газ өндіру (м <sup>3</sup> )	5 930	5 359	571	11%
меншікті МӨЗ-де және бірлескен кәсіпорындардың МӨЗ-інде мұнай өңдеу (мың тонна)	12 513	12 065	449	4%
Мұнайды магистральдық құбыржолдармен тасымалдау (мың тонна)	43 706	42 405	1 301	3%
Мұнайдың жүк айналымы (млн.тонна*км)	35 638	32 478	3 160	10%
Мұнайды теңіз флотымен тасымалдау (мың тонна)	5 005	5 148	-143	-3%
Магистральдық құбыржолдармен газ тасымалдау (млн. м <sup>3</sup> )	73 889	62 948	10 941	17%
Газ тасымалдау бойынша тауар-көлік жұмыстарының көлемі(млрд.м <sup>3</sup> *км)	21 784	20 468	1 316	6%

#### 3.1. Мұнай және конденсат өндіру

Мұнай және конденсат өндірудің шоғырландырылған көлемі, (мың тонн)	2017 жылдың 9 айы	2016 жылдың 9 айы	Δ, (+/-)	Δ, %
	<b>17 445</b>	<b>16 743</b>	<b>702</b>	<b>4%</b>
«КазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ (с.о. ҚазГӨЗ)	8 890	9 141	-251	-3%
"Өзенмұнайгаз" АҚ	4 092	4 181	-88	-2%
"Ембімұнайгаз" АҚ	2 117	2 122	-5	-
Қазгермұнай (50%+50%*33%)	1 414	1 463	-49	-3%
Торғай-Петролеум (50%*33%)	70	85	-15	-18%
"ПетроКазахстан Кумколь Ресорсиз" АҚ (100%*33)	390	490	-100	-20%
Қаражанбасмұнай (50%)	801	794	7	1%
"ҚазГПЗ" ЖШС	6	7	-1	-11%
Теңізшевройл (20%)	4 287	4 009	278	7%
Маңғыстаумұнайгаз (50%)	2 374	2 357	17	1%
«Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг б.в.»(10%)*	840	757	83	11%
Қазақойл-Ақтөбе (50%)	263	289	-25	-9%
Қазақтүрікмұнай	296	175	121	69%

КМГ Kashagan B.V. (50%)	480	0	480	-
ҚазТрансГаз (Амангелді Газ)	15	15	0	0%

Мұнай мен конденсат өндірудің шоғырландырылған көлемінің құрылымында «ҚМГ» БӨ» АҚ едәуір үлеске ие: 2017 жылдың 9 айы үшін 51% және 2016 жылдың 9 айы үшін 54,6% (Қазгермұнайгаз, ССЕЛ және ПКИ компаниясындағы «ҚМГ» БӨ» АҚ-тың пропорционал үлесін қоса алғанда).

Мұнай мен конденсат өндірудің шоғырландырылған көлемі есептік кезең үшін 17 445 мың тоннаны құрады, бұл өз кезегінде өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда көлемі жағынан 702 мың тоннаға көбірек, ол 2016 жылғы 28 қыркүйектен бастап Қашаған кен орнында өндірудің қайта басталуымен байланысты, сондай-ақ зауыттардың сенімділігін және тиімділігін арттыру есебінен ТШО-да өндірудің өсуімен, есептік кезеңде жүргізіліп жатқан ГТМ-ға байланысты «Қазақтүрікмұнай» ЖШС-та өндіру көлемінің өсуімен байланысты.

«ҚМГ» БӨ» АҚ бойынша өндіру көлемінің кемуі 2017 жылғы өндірістік бағдарламаға сәйкес негізінен ӨМГ және КГМ есебінен болды, сондай-ақ ПКИ бойынша ПКИ-дің кейбір кен орындарында қордың табиғи сарқылуы есебінен болды.

### 3.2. Газ өндіру

Топ бойынша 2017 жылдың 9 айы үшін газ (табиғи және ілеспе) өндірудің шоғырландырылған көлемі 5 359 млн. м<sup>3</sup> құрады. 2016 жылдың осы кезеңімен сатыстырғанда өсу 571 млн. м<sup>3</sup> немесе 11% құрады.

Газ (табиғи және ілеспе) өндірудің шоғырландырылған көлемі, млн.м <sup>3</sup>	2017 жылдың 9 айы	2016 жылдың 9 айы	Δ, (+/-)	Δ, %
	<b>5 930</b>	<b>5 359</b>	<b>571</b>	<b>11%</b>
«КазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ (с.о. ҚазГӨЗ)	995	1 016	-22	-2
"Өзенмұнайгаз" АҚ	240	224	16	7%
"Ембімұнайгаз" АҚ	148	144	5	3%
Қазгермұнай (50%+50%*33%)	279	299	-20	-7%
Торғай-Петролеум (50%*33%)	7	8	-2	-19%
"ПетроКазахстан Құмкөл Ресорсуз" АҚ (100%*33)	82	92	-11	-11%
Қаражанбасмұнай (50%)	13	14	-1	-9%
"ҚазГӨЗ" ЖШС	226	235	-9	-4%
Теңізшевройл (20%)	2 377	2 193	184	8%
Маңғыстаумұнайгаз (50%)	280	284	-4	-1%
«Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг б.в.» (10%) *	1 407	1 278	129	10%
Қазақойл-Ақтөбе (50%)	225	229	-4	-2%
Қазақтүрікмұнай	132	130	2	2%
КМГ Kashagan B.V. (50%)	277	0	277	-
ҚазТрансГаз (Амангелді Газ)	236	229	7	3%

Өсу негізінен Қашаған кен орнында 2016 жылғы 28 қыркүйектен бастап газ өндіруді жаңғырту, сондай-ақ есептік кезеңде ТШО зауыттарының сенімділігін және тиімділігін арттыру есебінен болды, Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг б.в. компаниясы бойынша 2016 жылы өндіріс тоқтатылған.

### 3.3. Магистральдық құбыржолдары бойынша мұнай тасымалдау

Құбыржолдары бойынша қазақстан мұнайының негізгі жұмыс істеп тұрған экспорттық маршруттары келесілер болып табылады:

- Атырау-Самара құбыржолы («ҚазТрансОйл» АҚ - 100%);
- Атасу-Алашанькоу («ҚазТрансОйл» АҚ - 50%) құбыржолы;
- Каспий Құбыржолы Консорциумы («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ - 20,75%).

Бұл ретте, магистральдық құбыржолдары бойынша мұнай тасымалдау «ҚазТрансОйл» АҚ-тың еншілес ұйымымен жүзеге асырылады (жалпы ұзындығы 5,4 мың км). «ҚазТрансОйл» АҚ ішкі рынокқа және экспортқа мұнай тасымалдау, сондай-ақ мұнайды сақтау және ауыстырып тиеу бойынша қызметтер көрсетеді.

Магистральдық құбыр жолдары бойынша мұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі, компаниялар бойынша*, (мың тонна)	2017 жылдың 9 айы	2016 жылдың 9 айы	Δ, (+/-)	Δ, %
	<b>43 706</b>	<b>42 405</b>	<b>1 301</b>	<b>3%</b>
"ҚазТрансОйл" АҚ КЦ	34 522	32 817	1 705	5%
"МұнайТас" Солтүстік-Батыс құбыржолы компаниясы» АҚ	1 437	1 691	-255	-15%
"Қазақстан-Қытай құбыржолы" ЖШС	6 148	5 377	771	14%
Batumi Industrial Holdings Limited	1 599	2 519	-921	-37%
<b>Мұнай жүк айналымының көлемі (млн.тн*км)</b>	<b>35 638</b>	<b>32 478</b>	<b>3 160</b>	<b>10%</b>
"ҚазТрансОйл" АҚ КЦ	29 305	26 801	2 504	9%
"МұнайТас" Солтүстік-Батыс құбыржолы компаниясы» АҚ	567	669	-102	-15%
"Қазақстан-Қытай құбыржолы" ЖШС	5 766	5 007	759	15%

\*ішкі топтық операцияларды шегермегенде

Мұнай транзитін өсіруге «Роснефть» НК ПАО-мен жасасылған қосымша келісімге сәйкес, сондай-ақ бірқатар компаниялардан, соның ішінде 2016 жылғы 28 қыркүйектен бастап өндірудің жаңғыртылуына байланысты Қашаған кен орны бойынша мұнай тапсырудың өсуіне байланысты, "ҚазТрансОйл" АҚ бойынша өсімге байланысты магистральдық құбыр жолдары бойынша мұнай тасымалдау көлемі 1 301 мың тоннаға өсті.

### 3.4. Теңіз флотымен мұнай тасымалдау

Теңізбен мұнай тасымалдаудың жұмыс істеп тұрған негізгі маршруттары:

- Каспий теңізі акваториясындағы маршруттар.
- Қара теңіз және Жерорта теңіздері акваториясындағы маршруттар.

Теңізфлотымен мұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі, бағыттар бойынша *, (мың тонна)	2017 жылдың 9 айы	2016 жылдың 9 айы	Δ, (+/-)	Δ, %
	<b>5 005</b>	<b>5 148</b>	<b>-143</b>	<b>-3%</b>
Ақтау-Баку	228	28	200	708%
Ақтау-Махачкала	378	1 229	-852	-69%
Қара теңіз	2 223	2 167	56	3%
Жерорта теңізі	1 105	899	206	23%
Түрікменбаши-Баку	130	824	-694	-84%
Махачкала-Баку	941	0	941	-

\* ішкі топтық операцияларды шегермегенде

2016 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, есептік кезең үшін тасымалдау көлемінің кемуі Махачкала портында «Транснефть» ПАО-ға мұнай сапасы бойынша талаптардың өзгеруіне байланысты Ақтау портына мұнай жеткізілімі көлемінің кемуі есебінен болады. Бұл ретте, 2016 жылдың аяғынан бастап «Махачкала - Баку» бағыты бойынша Каспий теңізінің ресей бөлігінде орналасқан Юрий Корчагин атындағы мұнай-газ-конденсаты кен орнынан Баку портына дейін мұнай тасымалдау жүзеге асырылады.

### 3.5. Газ тасымалдау

